

"Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 961 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 8 қаңтарда № 18156 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 14 шілдедегі № 514 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 14.07.2020 № 514 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берілген "Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі полиция генерал-полковнигі

Қ. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 961 бұйрығына
1-қосымша

"Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің аумақтық бөліністері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Жеке және заңды тұлғалардан (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші;
- 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттар пакетін тапсырған сәттен бастап – 5 жұмыс күн.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталардан бір жұмыс күн бұрын ұсынады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы ҰҚК) 3 жұмыс күніне дейінгі мерзімде қолдаухатты келісуді қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы ҰҚК органдарының жазбаша сұрау салуы бойынша көрсетілген 5 жұмыс күн мерзімі күнтізбелік 30 күнге дейін ұзартылады.

Көрсетілетін қызметті беруші осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуді ұзартудың себептері мен мерзімін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушыға жазбаша хабарлайды, ал көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін ұзарту туралы хабарлама 3 жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға әрі қарай көрсетілетін қызметті алушыны ақпараттандыру үшін жолданады.

2) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут, Мемлекеттік корпорацияда – 15 минут;

3) көрсетілетін қызметті берушінің және Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетуінің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны - қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке істері бойынша Қазақстан Республикасына кіруіне шақыру.

2) заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің қолдаухатының бірінші данасына осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті қызметкердің қолымен куәландырылған және көрсетілетін қызметті берушінің мөрімен бекітілген келісу нөмірін қою арқылы Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын келісу не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар мен негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

7. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыларға ақылы түрде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін мемлекеттік баж алынады, ол 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 613-бабы 3-тармақшасына сәйкес әрбір шақырылушы үшін мемлекеттік баж төлеу күніне белгіленген 0,5 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Мемлекеттік баж төлеуден мыналарға:

Қазақстан Республикасына баратын шетелдік ресми делегациялардың мүшелеріне және оларға еріп жүретін адамдарға;

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің, мемлекеттік органдардың, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдіктерінің шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына баратын шетелдіктерге;

Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен келісілген гуманитарлық көмекпен Қазақстан Республикасына баратын шетелдіктерге;

шетелдік инвесторларға;

этникалық қазақтарға;

өзара түсіністік қағидаты негізінде 16 жасқа дейінгі балаларға Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша шақыруларды келісу туралы өтінішхат беруші қабылдаушы адамдар босатылады.

Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш берілген жағдайда төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – сағат 13-00-ден 14-30-ға дейінгі түскі үзіліспен, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9-00-ден 18-30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті алушыны тіркеу орны бойынша сағат 13-00-ден 14-30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9-00-ден 17-30-ға дейін жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші қабылдауды кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырады.

2) Мемлекеттік корпорация - белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден сенбіні қоса алғанда түскі үзіліссіз сағат 9-00-ден 20-00-ге дейін;

Қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз, көрсетілетін қызметті алушының тіркелу орны бойынша "электронды кезек" тәртібінде жүзеге асырылады, портал арқылы электронды кезекті брондауға болады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (қызметті алушының уәкілетті өкілі) тіркелген орны бойынша көрсетілетін қызметті берушіге не Мемлекеттік корпорацияға жеке өзі жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) Қазақстан Республикасына жеке істер бойынша келуге шақыру ресімдеу үшін:

жеке басты сәйкестентіру үшін жеке басты куәландыратын құжат;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес электронды және қағаз түрінде толтырылған шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасына шақыру туралы өтініш-сауалнама;

мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

2) заңды тұлғаның не жеке кәсіпкердің шақыруын ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электронды түрде және қағаз түрінде екі данада толтырылған кесте;

мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

3) шақыруды ресімдеуге ағымдағы жылы алғашқы рет өтініш білдірген заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер мынадай құжаттарды ұсынады:

заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы растайтын құжаттар;

"Астана" халықаралық қаржы орталығының қолданыстағы құқығына сәйкес заңды тұлғаны тіркеуді/аккредиттеуді растайтын сертификаттың көшірмесі;

өкілдің өкілеттігін растайтын құжат;

шетелдік туристерді шақыруға өтініш білдірген қабылдаушы тарап – облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Жаңартылған Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы Заңына сәйкес берген туристік операторлық қызмет лицензиясының көшірмесі немесе Туристік агенттердің мемлекеттік тізілімінен үзінді;

виза алушыны білім алу мақсатында шақыруға өтініш білдірген қабылдаушы тарап – Қазақстан Республикасының білім беру мәселелері жөніндегі уәкілетті органы "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім беру саласындағы қызметі туралы лицензияның және (немесе) лицензия қосымшасының көшірмесі; Жаңартылған

виза алушыны емделуге, медициналық тексеруге немесе консультациялар үшін шақыруға өтініш білдірген қабылдаушы тарап – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Жаңартылған кодексіне сәйкес медициналық қызметке берген лицензиясының көшірмесі.

4) инвесторларды шақыру үшін Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі уәкілетті органының қолдау хаты қосымша ұсынылады;

5) іскерлік сапар мақсатында көп мәртелі визаны ресімдеу үшін (этникалық қазақтарды, бұрынғы отандастарды және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет

стандартына 5-қосымшаға сәйкес визаларды ресімдеу кезінде шақыруды талап ету қажеттілігінен босатылған экономикалық дамыған, саяси және көші-қоны тұрақты мемлекеттердің тізімінен (бұдан әрі – мемлекеттер тізімі) азаматтарды қоспағанда) шарттың немесе келісімшарттың көшірмесі қосымша ұсынылады;

6) діни іс-шараларға қатысу немесе миссионерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында шақыру үшін діни қызмет саласында реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының жазбаша келісімі қосымша ұсынылады;

7) Қазақстан Республикасының аумағында түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан адамдарға бару мақсатында шақыру үшін Қазақстан Республикасы ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің жазбаша келісімі қосымша ұсынылады;

8) Қазақстан Республикасының азаматтарын асырап алу мақсатында шақыру үшін Қазақстан Республикасының балалар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органының жазбаша келісімі қосымша ұсынылады;

9) еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында шақыру үшін, оның ішінде маусымдық шетелдік жұмыскерлер үшін жұмыс берушіге шетелдік жұмыс күшін тартуға берілген рұқсат не өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілік сәйкестігі туралы анықтама не Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе халықаралық шарттарға сәйкес виза алушыға мұндай рұқсат талап етілмейтінін растайтын құжаттар;

10) бизнес-көшіп келушілерді шақыру үшін астананың, республикалық маңызы бар қалалардың және облыстардың жергілікті атқарушы органдарының қолдаухаты қосымша ұсынылады;

11) оқу практикасынан немесе тағылымдамадан өту мақсатында шақыру үшін Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының немесе дербес кластерлік қордың қолдаухаты қосымша ұсынылады;

12) гуманитарлық уәждер бойынша шақыру үшін қолдаушы халықаралық ұйымның немесе оның өкілдігінің Қазақстан Республикасында аккредитациядан өткенін не Қазақстан Республикасы ратификациялаған гуманитарлық көмек көрсету туралы халықаралық шарты болған кезде осы елдің заңнамасына сәйкес оның болу еліндегі шетелдік үкіметтік емес ұйымда (қорда) ресми тіркелгенін растайтын құжат қосымша ұсынылады;

13) білім алу мақсатында шақыру үшін Қазақстан Республикасының оқу мекемесінің немесе Қазақстан Республикасының білім беру мәселелері жөніндегі уәкілетті органының қолдаухаты қосымша ұсынылады;

14) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жақын туыстарын не Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және медициналық мекемелерде емделіп жатқан шетелдіктерді күтіп-бағу мақсатында

шақыру үшін Қазақстан Республикасында орналасқан медициналық ұйым берген және тұрақты күтіп-бағу қажеттілігін, сондай-ақ туыстық дәрежесін растайтын құжаттар қосымша ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы, хабарлама бергені үшін бюджетке мемлекеттік баж сомасын төлегенін растайтын (ЭҮТШ арқылы төлеген жағдайда) құжат туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Құжаттарды қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті беруші осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 6-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді.

Егер көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтің нәтижесін алу үшін онда көрсетілген мерзімде келмеген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші шақыру қағазын оның әрекет ету мерзімі ішінде сақтайды, содан кейін заңнамада белгіленген тәртіпте жояды.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері егер өзгеше Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмесе мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Мемлекеттік корпорация арқылы дайын құжаттарды беру жеке куәлікті (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілінің) көрсеткен кезде тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өтіп кеткеннен кейін өтініш білдірген кезде көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

10. Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер мыналар болып табылады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) шынайы еместігін анықтау;

2) егер шақырылушы шетелдік Қазақстан Республикасында алдыңғы болған кезеңде оған салынған қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданылған жазаны өтемеген болса;

3) егер ол келу туралы қолдаухатпен жүгінген кезде өзі туралы жалған мәліметтер хабарлаған болса немесе қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде ұсынбаса;

4) егер өтініш берілгенге дейін бір жыл ішінде көрсетілетін қызметті алушы көшіп келушілерді уақтылы тіркеу, олардың Қазақстан Республикасында болу құқығына құжаттарды ресімдеу және болудың белгілі бір мерзімі өткеннен кейін Қазақстан Республикасынан кетуін қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдамағаны үшін жауапкершілікке тартылған болса;

5) егер шақырылушы шетелдік арыз бергенге дейін бес жыл ішінде Қазақстан Республикасынан шығарып жіберілген болса;

6) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауабы, сондай-ақ тексерудің теріс қорытындысы.

Қазақстан Республикасына жеке істер бойынша келуге шақыру Қазақстан Республикасына визаны алушының болжамды келу күніне 1 жылдан ерте емес және 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Қолдаухат немесе вербалды нота виза алушының Қазақстан Республикасына болжамды келу күніне күнтізбелік 90 күннен ерте емес және 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорация өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 7-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның не Министрліктің лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар және телефондар

бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не 010000, Астана қаласы Тәуелсіздік даңғылы, 1 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының атына беріледі, телефон: 8 (7172) 71-40-33, 71-40-03.

Шағым жазбаша түрде пошта не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), пошталық мекенжайы көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Шағымның қабылданғанын растау шағымды қабылдаған адамның тегін және аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесіне оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап пошта бойынша көрсетілетін қызметті алушыға жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма қол беріледі.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысына жолданады.

Мемлекеттік корпорацияға қолма қол және пошта арқылы келіп түскен шағымның қабылданғанын растау оны тіркеу болып табылады (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады).

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинеттен" өтініш білдіргені туралы ақпарат қолжетімді, оны көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартады (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы шағыммен мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жүгінеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

12. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сотқа жүгінеді.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Заңнамада белгіленген тәртіпте өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетінше қозғалу, бағдар алу қабілетін немесе мүмкіндігін толық не ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорацияның қызметкерлері Бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы жүгіну арқылы тұрғылықты жері бойынша шыға отырып жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында "Министрлік туралы" бөлімде, "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі құрылымдық бөліністерінің веб-ресурстары" кіші бөлімінде;

2) Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында;

3) www.egov.kz порталында орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына

1-қосымша

Нысан

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы

(аумақтық бөліністің

атауы)

"Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін ұзарту туралы ХАБАРЛАМА

Көрсетілетін қызметті алушыға хабарлау үшін

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

_____ азаматқа (-шаға) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Шақыруларды ресімдеудің негіздерін зерделеу үшін келісілетін құзыретті мемлекеттік органнан келіп түскен сұрау салуға байланысты мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 20__ жылғы "___"___ бастап 20__ жылғы "___"___ дейін ұзартылады. Келісу нәтижелері туралы қосымша хабарланатын болады.

_____ (көрсетілетін қызметті беруші-лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және қолы)

М.О. (болған жағдайда)

Орындаушы: _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Телефон _____

20__ жылғы "___" _____

Алдым: _____

_____ (көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) / қолы)

20__ жылғы "___" _____

"Қазақстан Республикасының
визаларын беру бойынша
қабылдаушы тұлғалардың
шақыруларын қабылдау және
келісу" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша
Нысан

**ЖЕКЕ ІСТЕРІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА
КІРУІНЕ ШАҚЫРУ ПРИГЛАШЕНИЕ НА ВЪЕЗД В РЕСПУБЛИКУ**

КАЗАХСТАН ПО ЧАСТНЫМ ДЕЛАМ INVITATION FOR VISIT TO THE REPUBLIC OF KAZAKSTAN FOR PRIVATE CASE

Шақырушы адам/Приглашающий/Inviting person:

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)/Фамилия, имя, отчество
(при его наличии)/Name: _____

Туған күні/Дата рождения/Date of birth: _____

Азаматтығы/Гражданство/Nationality: _____

Мекенжайы/Адрес/Address: _____

Шақырылатын адам(дар)/Приглашаемый (е)/Invited person: _____

Тегі, аты/Фамилия, имя/Name: _____

Туған күні/Дата рождения/Date of birth: _____

Туыстық дәрежесі/Степень родства/Degree of relation: _____

Азаматтығы/Гражданство/Nationality: _____

Мекенжайы/Адрес/Address: _____

Сапардың мақсаты/Цель поездки/Purpose of visit: _____

Сапардың мерзімі/Срок поездки/Period of visit: _____

Шақыру фактісін растайтын орган:	Лауазымды адамның қолы:	Шақыратын адамның қолы:
Орган, подтверждающий факт приглашения:	Подпись должностного лица:	Подпись приглашающего:
The invitation is endorsed by: M.O. _____ (болған жағдайда) 20__ жылғы " __ " ____	Signature of the official:	Signature of the inviting person:

(шақыру ресімдеген органға қайтарылуы тиіс)

ШАҚЫРУҒА БАҚЫЛАУ ТАЛОНЫ

Бастыққа _____

(шақырылғандардың азаматтығы, тегі аты)

Қазақстан Республикасына _____ күнге келуге рұқсат берілгенін хабарлайды.

Келу мақсаты _____

Тұратын мекенжайы: _____

Қазақстан Республикасына келуін, Қазақстан Республикасында болудың белгіленген қағидаларын сақтауын және уақтылы шығуын бақылауды қамтамасыз ету қажет.

М.О. (болған жағдайда) Бастық _____
(шақыруды ресімдеген органның атауы)

Жеке істер бойынша шақыру үлгісінің сыртқы беті

ШАҚЫРУ ШАРТТАРЫ: Қазақстан Республикасының "Халықтың көші-қоны туралы" Заңының 6-бапы 4-тармақшасына сәйкес күнтізбелік бес күннен астам Қазақстан Республикасында уақытша болатын көшіп келушілердің, уақытша тұруға (тіркелуге) рұқсаты болуға міндетті.

Қабылдаушы тұлғалар өздеріне келетін көшіп келушілер туралы ішкі істер органдарына олар келген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

УСЛОВИЯ ПРИГЛАШЕНИЯ: в соответствии с пунктом 4 статьи 6 Закона Республики Казахстан "О миграции населения" иммигранты, временно пребывающие в Республике Казахстан свыше пяти календарных дней со дня пересечения Государственной границы Республики Казахстан, обязаны иметь разрешение на временное проживание (регистрацию).

Принимающие лица обязаны проинформировать органы внутренних дел о пребывающих у них иммигрантах в течение трех рабочих дней со дня их прибытия.

TERMS OF INVITATION: The Article 6/4 Law of the Republic of Kazakhstan "On Migration" immigrants shall be obliged to register at the place of residence within five calendar days from the date of deregistration at the place of previous registration.

Migration cards shall be subject to surrender upon leave from the Republic of Kazakhstan.

—
Полиция органының белгісі
20___ жылғы "___" _____
Келгені туралы мәліметтер _____
Кеткені туралы мәліметтер _____
Қалалық, облыстық, аудандық
полиция басқармасының (бөлімінің) бастығы _____

—
20___ жылғы "___" _____

"Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша
Нысан

Полиция департаменті

қала, облыс

өтініш иесінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

егер басқа тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) болса көрсетіңіз

туған күні, айы, жылы

тұрақты тұратын жері

үй, ұялы телефондары

Шетелдікті Қазақстан Республикасына шақыру туралы сауалнама-өтініш

Қазақстан Республикасына шақырылатын адамдар туралы мәліметтер

р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (шақырылатын адамның паспортына қатаң сәйкестікте толтырылады)	Азаматтығы (паспорттың №, берілген күні)	Туған күні мен жері	Келетін елі, мекенжайы және тұрғылықты жері	Қазақстан Республикасындағы мекенжайы	Қазақстан Республикасында болу кезінде қозғалу бағыты
1	2	3	4	5	6	7

Жол жүру мерзімі _____

Соңғы 5 жылдағы Сіздің еңбек қызметіңіз (оқуды және әскердегі қызметті қоса алғанда)

Қызметке түскен және босатылған жылы	Ұйымның атауы және атқарған лауазымы	Ұйымның мекенжайы

Жеке куәлік № _____ 20 жылғы "___" _____

ЖСН № _____

Паспорттың № _____ 20 жылғы "___" _____

Шетелдіктің тұруға ықтиярхаты 20 _____ жылғы "___" _____ № _____

Азаматтығы жоқ адамның куәлігі 20 _____ жылғы "___" _____ № _____

Маған сауалнама - өтініште көрінеу жалған деректер көрсеткені үшін жауапкершілік туралы ескертілді.

20 _____ жылғы "___" _____ (өтініш иесінің қолы)

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін

20 _____ жылғы "___" _____ (өтініш иесінің қолы)

Сауалнама - өтініш 20__ жылғы " ____ " _____ қабылданды.

сауалнама - өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

"Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
4-қосымша
Нысан

Ш ы ғ ы с № Шақырушы тараптың атауы: Б С Н / Ж С Н : Шақырушы тарапты тіркеу (қайта тіркеуі) туралыанықтаманың /қуәліктің нөмірі және күні: Мекенжайы, байланыс телефондары, факс, электрондық пошта: Шақырушы тарап шақыруды растайды:	_____ (о б л ы с т а р д ы ң , _____ А с т а н а , Ш ы м к е н т П о л и ц и я _____ д Көші-қон қызметі басқармасы
------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

р/с №	Тегі , аты (паспорттына сәйкес (ағылшын)	Жынысы	Туған жері және күні	Азаматтығы	Паспорт нөмірі	Паспорттың берілген күні және жарамдылық мерзімі	Жұмыс орны және шетелдегі лауазымы
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғысы

Қазақстан Республикасында тұрғылықты жерінің мекенжайы			Қазақстан Республикасында жүру бағыты	Шетелдегі тұрғылықты жерінің мекенжайы (ағылшын тілінде толтырылады)	Сұратылатын визаның қолданылу кезеңі	Визаның мәртелігі	Визаны алу орны
Үй	Корпус	Пәтер					
11	12	13	14	15	16	17	18

Ескертпе: ӘАОЖ - әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші.

Визаның түрі (санаты): дипломатиялық, қызметтік, жеке сапар, жұмысқа, туристік, оқуға, іскерлік, транзиттік, инвесторлық, емделуге, тұрғылықты тұруға (керегін сызу)

Қосымша ақпарат: көшіп келушының келетін іс-шараның атауы

(Шақырушы тараптың атауы) шақырылатын адамдарға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың құқықтары мен міндеттерін уақытылы түсіндіру бойынша міндеттемелерді алады.

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзұшылық туралы" кодексінің 518-бабына сәйкес көшіп келушілерді уақтылы тіркеу, олардың Қазақстан Республикасында болуына, еліміздің аумағында жүріп-тұруына құқық беретін құжаттарды рәсімдеу және Қазақстан Республикасының көші-қон саласындағы заңнамасына сәйкес болуының белгіленген мерзімі аяқталған соң Қазақстан Республикасынан шығуын қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдамағаны үшін жауапкершілік туралы ескертілді.

_____	_____	_____
заңды тұлғаның басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	(қолы, мөрі болған жағдайда)	(заңды тұлғаның басшысының лауазымы)

Орындаушы: _____

тегі, аты-жөні. телефоны.

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
5-қосымша

"А3", "В1", "В3", "В10" және "В12" санатындағы визаларды ресімдеу кезінде азаматтары шақыруды міндетті түрде көрсетуден босатылатын экономикасы дамыған, саяси және көші-қоны тұрақты мемлекеттер тізімі

1. Аустралия
2. Аустрия Республикасы
3. Америка Құрама Штаттары
4. Бельгия Корольдігі
5. Біріккен Араб Әмірліктері
6. Болгар Республикасы
7. Бразилия Федеративтік Республикасы
8. Германия Федеративтік Республикасы
9. Грек Республикасы
10. Дания Корольдігі
11. Жаңа Зеландия
12. Жапония
13. Израиль Мемлекеті

14. Иордан Хашимит Корольдігі
15. Ирландия Республикасы
16. Исландия Республикасы
17. Испания Корольдігі
18. Италия Республикасы
19. Канада
20. Қатар мемлекеті
21. Кипр Республикасы
22. Корея Республикасы
23. Латыш Республикасы
24. Литва Республикасы
25. Лихтенштейн Князьдігі
26. Люксембург Ұлы Герцогтігі
27. Мажарстан Республикасы
28. Малайзия Федерациясы
29. Мальта Республикасы
30. Монако Князьдігі
31. Нидерланд Корольдігі
32. Норвегия Корольдігі
33. Оман Сұлтандығы
34. Польша Республикасы
35. Португалия Республикасы
36. Румыния
37. Сауд Арабиясы Корольдігі
38. Сингапур Республикасы
39. Словак Республикасы
40. Словения Республикасы
41. Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі
42. Финляндия Республикасы
43. Француз Республикасы
44. Хорватия Республикасы
45. Чех Республикасы
46. Швейцария Конфедерациясы
47. Швеция Корольдігі
48. Эстон Республикасы

"Қазақстан Республикасының
визаларын беру бойынша
қабылдаушы тұлғалардың
шақыруларын қабылдау және
келісу" мемлекеттік көрсетілетін

Көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды қабылдау туралы қолхат

Осы қолхат _____
(көрсетілген қызметті алушының тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда)
көрсету)

берілді және _____ облысы (қала) ауданы Полиция басқармасы
көші-қон қызметі бөлімі (бөлімшесі, тобы) одан "Қазақстан Республикасының
визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау
және келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген
құжаттарды қабылдағанын растайды, оның ішінде:

1. қолдау хат _____ парақта;
2. мемлекеттік бажды төлегені туралы түбіртек сомасы _____ теңге.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін _____ облысының
_____ қаласы _____ ауданы

Полиция басқармасының (бөлімінің) көші-қон қызметі бөлімі (бөлімшесі,
тобы) 20 ____ жылғы " ____ " _____
сағат 9-00-ден 17-30-ға дейін ұсынатын болады.

Осы қолхат 2 данада, әрбір тарапқа бір-біреуден жасалды.

(қолхатты берген лауазымды адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда) және қолы)

Телефон _____

Алдым: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) /көрсетілетін қызметті алушының
қолы

20 ____ жылғы " ____ " _____

"Қазақстан Республикасының
визаларын беру бойынша
қабылдаушы тұлғалардың
шақыруларын қабылдау және
келісу" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
7-қосымша

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № ____ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық пакетін ұсынбауыңызға байланысты "Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік қызметті көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атаулары:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3)

Осы қолхат 2 данада, әрбір тарапқа бір-біреуден жасалды.

Орындаушы: _____

— (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) / (Мемлекеттік корпорация қызметкерінің қолы)

Телефон _____

Алдым: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) / көрсетілетін қызметті алушының қолы

20 __ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 961 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1) "Жеке істері бойынша Қазақстан Республикасына кіруіне шақыруларды ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 344 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11101 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 12 маусымда жарияланған);

2) "Жеке істері бойынша Қазақстан Республикасына кіруіне шақыруларды ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 344 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 40 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13403 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 16 наурызда жарияланған);

3) "Жеке істері бойынша Қазақстан Республикасына кіруіне шақыруларды ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 344 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің міндетің атқарушысының 2015 жылғы 23 шілдедегі № 618 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12257 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 7 желтоқсанда жарияланған);

4) "Жеке істері бойынша Қазақстан Республикасына кіруіне шақыруларды ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 344 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 9 қаңтардағы № 11 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16342 болып тіркелген, 2018 жылғы 19 ақпанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

5) "Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 188 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15129 болып тіркелген, 2017 жылғы 29 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

6) "Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 188 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 9 қаңтардағы № 12 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16358 болып тіркелген, 2018 жылғы 20 ақпанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК